ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 05 қаңтар №2301-25-00-2/3548 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Жума» Азамат Жанбекович Жумабаев

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 2 506 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-тің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жеке кәсіпкер «Жума» Азамат Жанбекович Жумабаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 2 506 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Жума» Азамат Жанбекович Жумабаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Жума» Азамат Жанбекович Жумабаевтан мемлекет кірісіне 2 506 (екі мың бес жүз алты) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 041 (екі мың қырық бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурородың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2026 жылғы 05 қаңтарда шығарылды.
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2026 жылғы « » енді.
Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 05.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 13.02.2026, судья Саудабаев А. Б., 13.02.2026
2301-25-3-1/4436